ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ (ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ДАМЫТУ МОДЕЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА БАЛАБАҚША ПЕДАГОГТАРЫНА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ

667 Мектепке дейінгі білім беру ұйым

- **162** мемлекеттік
- **439** жекеменшік
- **76** шағын орталық

- ***59*** *мыңнан аса тәрбиеленуші*
- ***5898*** *педагог*

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру

- **2020** жылы **799** педагог
- **2021** жылы **514** педагог
- **2022** жылдың 6 айында **690** педагог

Жыл аяғына дейін **302** педагогты курстан өткізу жоспарланған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген **Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін** іске асыруға бағытталған іс-шара жоспары бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. ***Модельдің 37 тармағын*** іске асыру аясында ***31 педагогтан тұратын облыстық мобильдік топ*** құрылған. Мобильдік топ мүшелері Қызылорда облысының 7 ауданында көшпелі семинарлар өткізіп, балабақша педагогтарымен кездесулер, семинарлар ұйымдастырды.

Педагогтарға **онлайн-офлайн режимде** әдістемелік көмек көрсету

МАҚСАТЫ: Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қолдау көрсету, балабақша педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік жасау

2021 жылы — **63** шара өткізілді — **5039** педагог қатысты

2022 жылы 6 айда — **32** шара өткізілді — **2535** педагог қатысты

Педагогтармен жылдам байланыс жасау, ақпарат алу немесе ақпаратты жеткізу мақсатында Қызылорда облыстық оқу орталығының мамандары мен балабақша әдіскерлерінің ортақ чаты құрылған. ***«Aigeraerken» инстаграм аккаунтында*** тікелей эфирде семинарларға қатысу мүмкіндіктері жасалған.

Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру барысында *Балаларды Ерте Дамыту Институты сайтының* **«ӘДІСНАМАЛЫҚ ӘЗІРЛЕМЕЛЕР»** бөліміндегі құжаттар басшылыққа алынады. Институт мамандары қажетті әдістемелік кеңес беріп, қолдау көрсетіп отырады.

Педагог-психолог, логопед-дефектолог, музыка жетекшілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларына қолдау көрсету мақсатында айына **1 рет** әдістемелік күн онлайн режимде өткізіледі.

Облыс бойынша ***142 логопункт***

122 логопед маман

31 педагог-ассистент маман

ПМПК мамандары, М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары колледжі, М.Қалауов атындағы өнер мектебі, мектепке дейінгі ұйым ардагерлері, тәжірибелі әдіскерлермен ***әріптестік негізінде*** онлайн әдістемелік күн ұйымдастырылады.

Жыл сайын **«Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі»** өткізіледі.

Мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс жүргізетін педагогтарды анықтау, насихаттау

Мектепке дейінгі ұйымдардың шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтарын қолдау және ынталандыру мақсатында **«Қашықтықтан оқыту»** бағдарламасы аясында «Оқу сағаты» айдарымен әдістемелік бейнесабақтар түсіріліп, **Youtube.com** желісінде ашылған **УЧТВ–КЫЗЫЛОРДА** каналында насихатталады.

Қашықтан оқыту бағдарламасы бойынша әдістемелік бейнесабақтар топтамасы

“IT - БАЛАБАҚША” ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ

МАҚСАТЫ: мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану.



Қызылорда облысының білім басқармасының 19.03.2021 жылғы №46-нқ “IT - балабақша” пилоттық жобасын ендіру туралы” БҰЙРЫҒЫ

МІНДЕТТЕРІ:

- цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру;
- “тірек білім беру ұйымы” базасында ақпараттық технологияларды пайдалану тәжірибесін облыстың басқа білім беру ұйымдарына тарату;
- орта білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту тәжірибесін мектепке дейінгі білім беру жүйесіне бейімдеу, енгізу;
- жаңартылған білім беру мазмұнына көшуді ескеріп, цифрлық технологияларға негізделген оқу бағдарламаларын әзірлеу;

QYZYLORDA QOĞAM TV

УЧТВ-Қызылорда

Қызылорда қаласындағы **“Алтын ұя”** бөбекжай бақшасы мен **“Сыр шуағы”** бөбекжай бақшасы пилоттық білім беру ұйымы ретінде бекітілді. Барлық тәрбиешілер мен балабақша меңгерушілері жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілік арттырудан өткізілді.

2021 жылы Республикалық тамыз кеңесінің пленарлық мәжілісінде Қызылорда облысының тәжірибесі таратылды

2021 -2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР НӘТИЖЕЛЕРІ

“Алтын ұя” **“Сыр бөбегі”** **“Ер Тарғын”**

ҚРБҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 “Үздік педагог ” атағын беру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы

Бердибекова З.И. – “Үздік педагог -2020” Республикалық конкурс жеңімпазы, сертификат 2 278 000 теңге

Тұрымбетова А. – “2021 жылдың Үздік Педагогі” байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы, сертификат 875 100 теңге

Жолаева Л. - 2021 жылдың Үздік Педагогі” байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы, сертификат 875 100 теңге

«Оқу жоспарының варитативтік бөлігіне арналған үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсы
Бас жүлде
Қызылорда қаласы «Сыр жұлдызы» бөбекжай бақшасы Ж.Муханбеткалиева

«Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» республикалық шебер сыныбы
Бас жүлде
Қызылорда облысы Қармақшы ауданы №23 «Балдырған» бөбекжай бақшасы Ж.Алмұратова.

«Мемлекеттік тілді оқыту бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» республикалық шеберлік сыныбы
I орын
Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Айналайын» бөбекжай бақшасы Э.Алиева

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы» республикалық конкурсы
I орын
Қызылорда қаласы «Сыр бөбегі» бөбекжай бақшасы Н.Құрманалиева.
«Мектепке дейінгі ұйым маманы» номинациясы
II орын
Қызылорда қаласы «Алпамыс» бөбекжай бақшасы Ж.Сағидуллақызы.

«Шымырлық пен шеберлік күні» байқауы
I орын
Қазалы ауданы №3 «Өрімтал»бөбекжай бақшасы. «Хан талапай» сайысы
II орын
Қызылорда қаласы «Бегім ана» бөбекжай бақшасы,
III орын
«Алпамыс» бөбекжай бақшасы.

Әдістемелік көмек көрсету, оқыту семинарларын ұйымдастыру, шығармашылық тұрғыдағы эксперименттерді жүзеге асыру жұмыстары *аудандар мен Қызылорда қаласының* ***12 тірек балабақшалары*** арқылы жүзеге асырылады.

Арал ауданы	Қазалы ауданы	Қармақшы ауданы	Жалағаш ауданы	Сырдария ауданы	Шиелі ауданы	Жаңақорған ауданы
“Алтын балық”	№21 “Алпамыс”	№23 “Балдырған”	№7 “Шұғыла”	“Қызғалдақ”	“Айналайын”	“Болашақ”

Қызылорда

- “Алтын ұя” ІТ
- “Сыр шуағы” ІТ
- “Сыр бөбегі”
- “Алпамыс”

Әдістемелік бірлестік жұмысы (КМО) тиімділігін көрсетіп отыр. Қызылорда қаласындағы 28 мемлекеттік 208 жеке, 5 шағын орталық педагогтары 7 әдістемелік аймаққа бөлінген. Әдістемелік аймақ жетекшілерінің жұмыс жоспарлары бекітіліп, жыл көлемінде іс-тәжірибе алмасу шаралары өткізіледі.

Педагогтардың IT сауаттылығын арттыру, ЗУМ платформасында жұмыс жасау тәртіптері мен ережелерін үйрету бағытында вебинарлар өткізілді.

Жас мамандарға қолдау көрсету мақсатында перспективалық жоспар, апталық циклограмма Үлгілері дайындалды.

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының тапсырмасымен Шиелі ауданы “Айналайын” балабақшасының тәрбиешісі Құрманғалиқызы Гүлжанаттың тобында бейне сабақ түсіріліп, *online.edu.kz республикалық білім беру порталына орналастырылды.*